

Ищанова Айман Салимжановнаның 6D120100-Ветеринариялық медицина мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Пастереллаларды заманауи зерттеу әдістерімен идентификациялау» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

Р/Н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді. Докторанттың ғылыми жұмысы 2022-2024 жылдар аралығындағы АР15473404 «Ақбөкендердің маусымдық көшуі кезеңінде пастереллездің байқалуының қарқындылығы және ауыл шаруашылығы жануарларында аурудың туындауының өзара байланысы» тақырыбындағы жоба бойынша орындалған.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады. Зерттеу барысында алынған нәтижелер отандық ғылым саласына ғана емес, сондай-ақ, ақбөкендер мекендейтін көршілес елдер үшін де қызықты жұмыс болмақ, өйткені аталмыш індет қазіргі таңда толық шешімін таппаған маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Соған орай докторанттың ғылыми жұмысында Батыс Қазақстан облысы жағдайында жабайы және үй жануарлары арасындағы пастереллез ауруының маусымдық байқалу деңгейі және таралуы, мүйізді ірі қара мен ақбөкендер популяцияларында пастереллатасымалдаушылықтың аурудың таралуында маңыздылығы, <i>Pasteurella multocida</i> және <i>Pasteurella haemolytica</i> биологиялық және патогендік қасиеттеріндегі ерекшеліктері, мүйізді ірі қара мал мен ақбөкеннен алынған биоматериал үлгілеріне бактериологиялық, серологиялық, молекулалық-генетикалық зерттеу нәтижелері берілген.

3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Докторанттың диссертациялық жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары. Ғылыми жұмыс мемлекеттік тілде құрылымды, әрі анық ғылыми негізделіп жазылған. Ғылыми жұмыста қойылған міндеттер толықтай қарастырылып, сәйкесінше бөлімдерде нақты қорытындылар берілген. Ғылыми жұмыста отандық және шетелдік ғылыми мақалалар мен әдебиет көздеріне толықтай сілтеме жасалған
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Орындалған жұмыстың өзектілігі негізделген. Мал шаруашылығының дамуына кері әсерін тигізіп, бұл саланың экономикалық тиімділігінің төмендеуіне ықпал ететін жұқпалы аурулар әлі де аз емес. Солардың қатарына <i>Pasteurellaceae</i> тұқымдасының өкілдері тудыратын әртүрлі патологиялар да жатады. <i>Pasteurella multocida</i> және <i>Pasteurella haemolytica</i> пастереллез індетінің әртүрлі патологиялық формаларының қоздырғыштары болып табылады, олар дүние жүзінде мал шаруашылығына үлкен экономикалық әсер етеді. Осыған байланысты, ауылшаруашылық және жабайы жануарлар арасында пастереллездің таралуы ғана зерттелініп қоймай, сонымен қатар жануарлардың пастереллезге шалдығуы, соның салдарынан өлім-жітімге ұшырау себептерін айқындау үшін бактериологиялық, серологиялық және заманауи молекулалық-генетикалық әдістер қолданыла отырылып, бөлініп алынған пастерелла өсінділерінің қасиеттері толыққанды зерттелінген. Осы орайда докторанттың тақырыптың өзектілігін аша отырып, зерттеулері де өзектіліктің негізділігін толықтай сипаттап отыр. Диссертация мазмұны диссертациялық жұмыстың тақырыбын толықтай айқындайды, атап айтқанда, пастереллалардың биологиялық қасиеттерінің ерекшеліктері, жануарлар пастереллезінің эпизоотологиялық сипаттамасы мен эпизоотиялық үрдіс дамуындағы пастереллатасымалдаушылықтың рөлі, жануарлар пастереллезін балау әдістерінің маңыздылығы туралы толыққанды ғылыми әдебиеттерге шолу жүргізіле отырып, Батыс Қазақстан облысы жағдайында мүйізді ірі қара мен ақбөкендер

			<p>пастереллезіне эпизоотологиялық зерттеу жүргізу, аталған жануарлардағы пастереллезді серологиялық, бактериологиялық және молекулярлық-генетикалық әдістермен идентификациялау жөніндегі зерттеу мәліметтері диссертация мазмұнында жүйелі берілген.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Орындалған жұмыстың мақсат-міндеттері тақырыпқа толықтай сәйкес келеді. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – Батыс Қазақстан облысы жағдайында мүйізді ірі қара мен ақбөкендерде пастереллез ауруының туындауына Pasteurellaceae тұқымдасы өкілдерінің басымдылығын анықтау және осы түрге жататын пастереллаларды заманауи зерттеу әдістерімен идентификациялау. Аталған мақсатқа жету үшін келесідей міндеттер берілген: - Батыс Қазақстан облысы жағдайында мүйізді ірі қара мен ақбөкендердегі Pasteurella multocida және Pasteurella haemolytica тудыратын пастереллездің таралуы, өту барысы және патологоанатомиялық өзгерістерінің ерекшеліктерін анықтау; - Батыс Қазақстан облысы жағдайында пастереллезді серологиялық әдіспен анықтау; - Батыс Қазақстан облысы жағдайында пастереллезді және пастереллатасымалдаушылықты бактериологиялық әдіспен балау; - Батыс Қазақстан облысы жағдайында пастереллаларды молекулярлық-генетикалық әдістермен идентификациялау.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p>	<p>Докторанттың диссертациялық жұмысының барлық бөлімдері мен ережелері логикалық жағынан толық байланысқан. Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен құрылымы қорытындысына сәйкес келеді. Ғылыми әдебиеттерге шолу, зерттеу мақсаты мен міндеттерінің құрылуы, зерттеу нәтижелерінің талқылануы тақырып ауқымында ауытқымай алынған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау ішінара жүргізілген;</p>	<p>Докторант ұсынған жаңа шешімдер зертханалық және шаруашылық жағдайында жүргізілген зерттеулер негізінде дәлелденген. Докторант ветеринариялық статистикалық мәліметтерге және әдебиет дереккөздеріне, сонымен қатар басқа да ғалымдардың жұмыстарындағы деректерге талдау жасау арқылы</p>

3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;
4) талдау жоқ.

Батыс Қазақстан облысы бойынша аурудың аудандарда таралу дәрежесін анықтау үшін аймақтарға бөле отырып, пастереллез кезіндегі эпизоотиялық үрдістің пайда болуы және дамуына сыртқы орта факторларының ықпалын талдап нәтижесін берген. Сонымен қатар Батыс Қазақстан аумағындағы ақбөкендер мен мүйізді ірі қара пастереллезінің маусымдық байқалу динамикасына талдау жүргізіп, нәтижесінде бұл аймаққа маусымдылық тән деген қорытындыны дәлелдеген. Докторант өз жұмысында пастереллездің стационарлы түрде байқалып отыратындығына да тоқталып өткен. Зерттеу нәтижелерінде басты фактор ретінде ақбөкендердің пастереллатасымалдаушылығы пастереллез инфекциясының қайтадан өршуіне қатысы бар екенін зертханалық зерттеу нәтижелерімен анық көрсеткен және инфекцияның стационарлығы аудандарда ақбөкендердің пастерелла тасымалдаушыларының болуына байланысты сақталады деген тұжырымға келген. Зерттеу барысында серологиялық, бактериологиялық және молекулярлық-генетикалық әдістерді қолдану арқылы Батыс Қазақстан облысы жағдайында жануарлар пастереллезінің байқалуы мен пайда болуы *Pasteurella multocida* қоздырғышына тікелей байланысты деген тұжырымға келген. Соған орай *Pasteurella haemolytica* вируленттілігі мен токсигендігі бойынша төмен көрсеткішке ие болғандықтан, келесі кезекте патогенділік және вируленттілік қасиеттері жағынан жоғары көрсеткішке ие болған изоляттар таңдалып, пастереллез туындауына себепші болған қоздырғышты идентификациялау мақсатында толық бактериологиялық зерттеу жүргізген. Батыс Қазақстан облысы жағдайында мүйізді ірі қара мен ақбөкендерден бөлініп алынған изоляттардың морфологиясы, қоректік орталарда өсуі, ферментативтік және патогенділік қасиеттері, сонымен бірге пастереллалардың дифференциациялық белгілері талданған. Жұмыс барысында Батыс Қазақстан облысы жағдайында пастереллаларды молекулярлық-генетикалық әдістермен идентификациялаған. Докторант өз жұмысында Батыс Қазақстан

			облысы бойынша мүйізді ірі қара мен ақбөкендер арасындағы пастереллез ауруының клиникалық түрі <i>Pasteurella multocida</i> үлесіне тиесілі екендігін зертханалық зерттеу нәтижесінде дәлелдеген. Яғни, Батыс Қазақстан өңірінде аурудың клиникалық түрін туындататын Pasteurellaceae тұқымдасы өкілдерінің ішінде бір ғана серотипі айналымда екендігі анықтаған. Яғни, мүйізді ірі қара және ақбөкендер арасында аталған эпизоотияның туындауында <i>Pasteurella multocida</i> басты рөлге ие екендігін дәлелдеп, сыни талданып, баға берілген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Докторанттың ғылыми нәтижелері мен ережелері толығымен жаңа. Батыс Қазақстан облысы жағдайында мүйізді ірі қара мен ақбөкендерде пастереллез ауруының туындауына Pasteurellaceae тұқымдасы өкілдерінің басымдылығы анықталған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Докторанттың диссертациялық жұмысының қорытындылары толығымен жаңа. Батыс Қазақстан облысы жағдайында пастереллездің таралуы зерттелініп, бактериологиялық, серологиялық және заманауи молекулярлық-генетикалық әдістер қолданылып, бөлініп алынған пастерелла өсінділерінің қасиеттері толыққанды зерттелінген.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері ішінара жаңа және негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Докторанттың диссертациялық жұмысының барлық негізгі қорытындылары зертханалық және шаруашылық жағдайында жүргізілген зерттеулер нәтижесінде туындаған. Ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерге негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u> ;	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар дәлелденген. Диссертациялық жұмыста келтірілген ғылыми қорытындылар мен ұсыныстар жүргізілген зерттеу нәтижелерінің нақты екенін көрсетеді.

		<p>2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың зерттеу бөлімдері №335/ЖҒ-3-22-24 келісім-шартына сәйкес, Ғылым Комитетімен қаржыландырылатын 2022-2024 жылдар аралығында АР15473404 «Ақбөкендердің маусымдық көшуі кезеңінде пастереллездің байқалуының қарқындылығы және ауыл шаруашылығы жануарларында аурудың туындауының өзара байланысы» тақырыбындағы ғылыми жоба аясында жүзеге асырылған.</p> <p>Докторанттың қорғауға шығарылған қағидаттары тривиалды емес, жаңашылдығы бар.</p> <p>Қағидаттардың қолдану деңгейі өте кең.</p> <p>Диссертациялық жұмыстағы қорғауға шығарылған әрбір қағидат докторанттың зерттеу нәтижелерімен дәлелденген және оның жариялаған мақалаларында беріліп нақтыланған.</p> <p>Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыстың материалдары бойынша 12 ғылыми жұмыс орындалып, соның ішінде Scopus дерекқорында CiteScore бойынша процентілі 61-ді құрайтын 1 (бір) мақала, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтарында – 3 мақала, шетелдік конференция материалдарында 1 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі саласында сапаны қамтамасыз ету комитетімен ұсынылған журналдарда – 6 мақала және 1 ұсыныс жариялаған.</p>
8.	<p>Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді</p>	<p>Докторант диссертациялық жұмыстың қойылған мақсатына сәйкес әдістемелерді дұрыс тандап алған және әрбір әдіске тиісті сілтемелер келтірілген. Демек, әдіснаманы таңдау негізделген және нақты жазылған.</p> <p>Докторанттың диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы өңделген. Зерттеу барысында бактериологиялық, серологиялық және молекулалық-генетикалық</p>

		<p>өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>.</p>	<p>әдістері қолданыла отырып, сәйкесінше құрылғылар пайдаланылған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың қорытындылары өзара байланысқан және зертханалық зерттеулермен негізделген және дәлелденген. Докторант келесідей қорытындыларға келген:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Пастереллездің маусымдылық динамикасы метеорологиялық құбылыстардың тез және жиі ауытқуы кезінде ауаның салыстырмалы жоғары ылғалдылығының қалыпты температурамен үйлесуі пастереллездің туындауына себепші болатындығын және пастереллез ауруының дамуына 77-85% ауаның салыстырмалы ылғалдылығы және 26-28°C – тан жоғары температура ықпал ететіндігін келтірген; - 2019-2023 жылы аралығында жүргізілген серологиялық зерттеулер нәтижесі бойынша 157 сынаманың ішінде пастереллездің клиникалық түрі байқалған жануарлар арасында 18,9% оң нәтиже (24 бас) және 81,1%-ы теріс нәтиже берген. Пастереллатасымалдаушы жануарларда оң нәтиже 3,3%, ал 96,7% пайызы теріс нәтижеге тең болған. - Батыс Қазақстан облысы жағдайында пастереллезді және пастереллатасымалдаушылықты бактериологиялық әдіспен балау нәтижесі бойынша 150 сынама зерттеуге алынған. Биологиялық қасиеттерін зерттеу барысында патологиялық материалдан бөлініп алынған <i>Pasteurella multocida</i>-ның 83,3% жоғары патогенді және 16,7%-ы әлсіз патогенділікке ие болған. <i>Pasteurella haemolytica</i> мүлдем патогенді емес екендігін көрсеткен; - Мүйізді ірі қараларда пастереллатасымалдаушылығын анықтау үшін танау қуысынан алынған шайындыларды зерттеу үшін жалпы саны 126 сынама алынған. Оның ішінде мүйізді ірі қараның танау шайындысынан бөлініп алынған пастерелла өсінділерінің 65,3%-ы жоғары патогенділікке ие болса, ақбөкендерден бөлініп алынған <i>Pasteurella multocida</i> өсінділері (28,6%) әлсіз патогенділікті

			<p>көрсеткен.</p> <p>Сау жануарлардың танау шайындысынан бөлінген <i>Pasteurella haemolytica</i> изоляттары 100%-ы патогенді емес болғаны анықталған. Ауру жануарлардың танау шайындысының изоляттары әлсіз патогенді 10,5%, ал 89,5%-ы патогенді емес және өлген жануарлардың мүшелерінен бөлінген изоляттар 100% патогенді емес болған. Жүргізілген зерттеулер бойынша барлық жастағы ақбөкендерде пастереллатасымалдағыштық кездескен. Мүйізді ірі қара және ақбөкендерден бөлініп алынған пастереллалардың түрлік құрамын зерделеу нәтижесі бойынша ақбөкендер мен ірі қара малдардан бөлініп алынған пастереллалардың биологиялық қасиеттері бойынша ұқсастығы көрсетілген.</p> <p>- Мүйізді ірі қаралар мен ақбөкендердегі пастереллездің клиникалық түрінде бөлініп алынған пастерелла штамдарын молекулярлық-генетикалық зерттеу нәтижесінде <i>Pasteurella multocida</i> түрі кездесетіндігі дәлелденген. Мүйізді ірі қарадан бөлінген штамм NR 041809.1 штаммымен гомология дәрежесі <i>Pasteurella multocida</i> strain CUG 17976 99% құраса, ақбөкеннен алынған штамм NR 041811.1:41-778 <i>Pasteurella multocida</i> subsp. <i>gallicida</i> штаммы CCUG 17978 ең жақын штаммымен гомология дәрежесі 99,86% құраған.</p>
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық жұмыстағы берілген маңызды талдаулар нақты және сенімді, сонымен қоса отандық, алыс және жақын шет елдік зерттеушілердің ғылыми дереккөздеріне сілтемелер жасау арқылы расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз.	Докторант диссертациялық жұмысында 156 ғылыми әдебиеттерге шолу жасаған. Қолданылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті.
9.	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u> ; 2) жок.	Докторанттың диссертациялық жұмысының теориялық маңызы бар.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі	Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі өте жоғары.

		жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Докторанттың диссертациялық жұмыс негізінде құрастырған практикалық ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Докторанттың академиялық жазу сапасы – жоғары. Диссертациялық жұмыс жалпы талаптарға сай жазылған. Сәйкесінше, кіріспеден, ғылыми әдебиеттерге шолудан, зерттеу материалдары мен әдістерінен, өзіндік зерттеуден, зерттеу нәтижелерін талқылаудан, қорытындылардан, практикалық ұсыныстардан, қолданылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.
11.	Диссертацияға ескертулер		«Пастереллаларды заманауи зерттеу әдістерімен идентификациялау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының ғылыми маңыздылығы жоғары деп есептеймін. Зерттеу жұмысының мақсатына сай зерттеу міндеттері толықтай ашылып, сипатталған. Дейтұрғанмен, диссертациялық жұмыстың кемшіл тұстары да анықталды: - диссертациялық жұмыста орфографиялық және стилистикалық қателіктер бар; - ғылыми әдебиеттерге шолудың әрбір бөлімдерінде берілген талдау қорытындылары аздық етеді. Бұл аталған ескертулер жұмыс сапасы мен бағалау деңгейін төмендетеді деп есептемеймін.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация)		Докторант мақалаларының ғылыми деңгейі зерттеу тақырыбы бойынша сәйкес келеді.

	<p>мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>	
<p>13. Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)</p>		<p>Ищанова Айман Салимжановнаға 6D120100-Ветеринариялық медицина мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімімді ұсынамын.</p>

Ресми рецензент:

ЖСШ «Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институты» аға ғылыми қызметкер, PhD



С.К. Копеев

С.К. Копеевтің қолын растаймын
ЖСШ «Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институты», бас ғалым хатшысы



С.О. Садыкалиева



подпись подтверждено
и.о. рук. - ле АКО  Амирханов А.А.

мерзімі «17» қазан 2024 жыл